

Мемлекеттік монополия субъектісінің бекіре тұқымдас балық түрлері өнімін қайта өңдеуі кезіндегі шикізат қалдықтарының, ысыраптары мен шығыстарының нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 23 қыркүйектегі № 319 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 508-66) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік монополия субъектісінің бекіре тұқымдас балық түрлері өнімін қайта өңдеуі кезіндегі шикізат қалдықтарының, ысыраптары мен шығыстарының нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің

2025 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 319 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік монополия субъектісінің бекіре тұқымдас балық түрлері өнімін қайта өңдеуі кезіндегі шикізат қалдықтарының, ысыраптары мен шығыстарының нормалары

1-тарау. Жайық-Каспий бассейнінің бекіре тұқымдас балықтарын мүшелеу кезіндегі ішек-қарыннан тазартылған балық қалдықтарының, ысыраптары мен шығыстарының нормалары

(мүшеленбеген, жуылған балық массасына процентпен (бұдан әрі – %))

Балық түрі	Бағытталған шикізат сипаттамасы	Ішек-қарыннан тазарту кезіндегі қалдықтар							Қансыз дандыру, ішек-қарыннан тазарту, тазалау, жуу кезіндегі ысыраптар	Барлық қалдықтар мен ысыраптар	Ішек-қарыннан тазартылған балық шығымы
		тағамдық				тағамдық емес		барлығы			
		уылдырық немесе шоғал	бауыр	торсылдақ	шеміршек	жұлын	ішектер				
Қортпа	бөлшектенбеген уылдырықты	15,6	0,9	0,8	0,5	0,6	3,0	21,4	2,0	23,4	76,6
	уылдырықсыз	3,5	1,1	1,0	0,6	0,6	3,5	10,3	2,0	12,3	87,7
Бекіре, пілмай	бөлшектенбеген уылдырықты	14,6	0,9	0,6	0,9	0,9	4,2	22,1	2,4	24,5	75,5
	уылдырықсыз	3,8	1,1	0,6	0,9	0,9	4,2	11,5	1,2	12,7	87,3
Шоқыр	бөлшектенбеген уылдырықты	22,8	0,9	0,6	1,0	0,9	2,5	28,7	1,2	29,9	70,1
	уылдырықсыз	4,3	1,2	0,7	1,0	1,0	3,0	11,2	1,2	12,4	87,6

2-тарау. Жайық-Каспий бассейнінің бекіре тұқымдас балықтарынан мұздатылған өнім өндіру кезіндегі шикізат қалдықтарының, ысыраптары мен шығысының нормалары

Балық түрі	Бағытталған шикізат массасына %-пен		Дайын өнімнің бірлігіне шикізат шығысы
	Мұздату кезіндегі ысыраптар	Дайын өнім шығымы	
Бекіре тұқымдас балық	1,4	98,6	1,014

3-тарау. Жайық-Каспий бассейнінің бекіре тұқымдас балықтарынан салқындай ысталған балық өнімдерін өндіру кезіндегі шикізат қалдықтарының, ысыраптары мен шығысының нормалары

Бағытталған шикізат сипаттамасы	Осы операцияға түскен балық массасына %-пен қалдықтар мен ысыраптар				Бағытталған шикізат массасына %-пен				Дайын өнімнің бірлігіне шикізат шығысы
	еріту, жуу	мүшелеу, тазалау, жуу	тұздау, теңгеру, суда ұстау	ыстау, жинау	барлық қалдықтар мен ысыраптар	дайын өнім шығымы			
						барлығы	бүйір еті, жон еті немесе филе	төсі	
Ішек-қарыннан тазартылған, басымен бірге, мұздатылған бекіре тұқымдас балық	1,0	38,3	14,0	18,0	56,9	43,1	32,8	10,3	2,320